



● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 70



Сарғайған тарих парағы...

Гүлназым
САФИТОВА

Уақыт тым жылдам. Кешегі аталарымыз қатысқан 1941-1945 жылдарғы неміс-фашистерге қарсы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске биыл, міне, 70 жыл толады. Олардың сол қан-төгіс соғыста көрсеткен ерліктері мен жанкештіліктері ұмытылмай тарих қойнауында қалары да, бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге болары да ақиқат. Сондай тағылымы мол кездесу кештің бірі А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің экономика факультетінде болды. Студент жастар соғыс ар-

дагері Иван Котелевскиймен кездесіп, келелі әңгімесін тыңдады.

Кездесуді экономика факультетінің деканы Н.Қабдрахметов ашып, ардагер аталарымыздың неміс басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен ерліктері ел жадынан шықпайтындығын, толарсақтан саз кешіп Жеңіс күнін әкелгенін, олардың қажырлы еңбектері мен ерліктерін таныстыру үлкен перзенттік парыз екенін, ұрпақ сабақтастығы үзілмей, тарих қойнауында қалып қоймай, әрі қарай жалғастыратын осы студент-жастар екенін айтып өтті.

Айта кетері сол, соғыс ардагері Иван Котелевский І

дәрежелі "Отан соғысы", "Қызыл Жұлдыз", "Даңқ" ордендерінің иегері, "Ерлігі үшін", "Жауынгерлік ерлігі үшін", "Кенигсбергті алғаны үшін", "Германияны жеңгені үшін" және мерекелік медальдарымен марапатталған. Ардагер Орталық, 3-Беларус майдандарында соғысқан екен. Әскери дәрежесі – қатардағы жауынгер, барлаушы. Жеңіспен оралған жауынгер бейбіт өмірде құрылысшы, химиялық талшық зауытында аға шебер болып жұмыс істеді.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.

Ыбырай дәрісханасы ашылды

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында ұлы ағартушының атын иемденген жаңа дәрісхана ашылды.

Дәрісхананың салтанатты ашылуында қала әкімі Ф.Бекмұхамедов, институт ректоры, география ғылымдарының докторы, академик С.Қуанышбаев, Ы.Алтынсарин мектебінің түлегі, институттың аға оқытушысы А.Абдуллиналар құттықтау сөз сөйледі.



Тағылымды шарада халқымыздың салт-дәстүрі кеңінен көрініс тапты. Арнау айтылып, өсем ән өуеледі. Керме қиылып, шашу шашылды.

Дәрісхананы ашуға институттың педагогика және психология кафедрасы мол еңбек сіңірген. Аталған кафедраның доценті П.Ахметова қонақтарды ұлы ұстаздың еңбектерімен таныстырды.

Енді, 80 орындық жаңа дәрісхана білім нәрімен сусындағысы келген барлық шәкіртіне есігін айқара ашатын болады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: дәрісхананың ашылу салтанатында.
Суретті түсірген автор.

Қостанай қаласы
сайлаушыларының
назарына!

2015 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді нақтылау үшін Сізге колл-орталыққа мынадай телефон нөмірлері бойынша қоңырау шалуыңызға болады: 575-710, 575-721, 575-730, 575-740, 575-772.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Жасыл
Черный

● САЙЛАУ - 2015

Қоғамдық штаб ашылды

Өткен аптаның жұма күні «Нұр Отан» партиясының Жанкелдин аудандық филиалының сайлауалды қоғамдық штабы ашылды.

Брифингте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарсақбай Бірмағанбетов және сенімді өкілдердің ұсынысымен «Нұр Отан» партиясы Жанкелдин аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рауыл Қамбарұлы штабтың төрағасы болып сайланды. Брифингті аталмыш штабтың төрағасы жүргізіп, алдағы уақытта атқарылар шаралар легімен таныстырды.



Мәжіліс барысында «Бәріңізге белгілі биылғы жыл Қазақстан тарихы үшін елеулі жыл болғалы тұр. Өткен ақпан айында Қазақстан халқы Ассамблеясы елімізде Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Бүгінгі күні ол ұсыныс қазақстандық жалпы қауымнан толық қолдау алды... Біз енді бүгінгі күннен бастап «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңға сәйкес Президенттікке «Нұр Отан» партиясының XVI Съезінде ұсынылған кандидатура бойынша жұмысты бастаймыз» – деді штаб төрағасы Рауыл Ахметжанов өз сөзінде.

Гүлім ЫСМАҒҰЛ.

Жанкелдин ауданы.

Аккредитациядан өтті

Рудный индустриалды институты білім беру жүйесіндегі сапаны қамтамасыз етудегі Қазақстандық Тәуелсіз агенттігінде 18 білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық институционалдық және мамандандырылған аккредитациялаудан сәтті өтті.

Айта кетейік, Еуразиялық Экономикалық Одақ және ТМД елдері арасында жасалған келісімге сәйкес аккредитациялаудан өтпеген жоғарғы оқу орындарының дипломдары осы елдер арасында мойындалмайды және жоғары білім алып шыққан түлек өз білімін шетелде жалғастыруға немесе еңбек етуіне мүмкіндігі болмайды. Бұл дегеніміз, тіпті мемлекеттік жоғарғы оқу орны да аккредитациялаудан өтпеген болса, онда оның да дипломдарын басқа елдер мойындамайды. Халықаралық талаптарға сәйкес, жоғарғы оқу орны өз елінде міндетті түрде аккредитациялаудан өтуі керек. Сондықтан аккредитациядан өту кез келген жоғарғы оқу орны үшін және оның студенттері үшін аса маңызды.

Мұның тиімді тұстары өте көп. Соның арқасында, білім алуға ниетті азаматтар халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы білім алып, бәсекеге қабілетті мамандық иесі атана алады. Аккредитациялау агенттігі біздің Институт жұмысын жоғары бағалап отыр. Институттың аккредитациялаудан сәтті өткендігі – отандық білім ордалары арасында оның дәрежесінің біршама көтерілгендігін байқатады. Ал жалпы алғанда, аккредитациялаудан өткізу кеңесінің шешімі бойынша, Рудный индустриалды институтының жұмысы жоғарыда айтылған талаптарға сәйкес деп танылып, сапалы білім беру ордаларының бірі болып танылды.

Ерғали УБАЙДУЛЛАЕВ,
РИИ қызметкері.

Ізденіс нәтижесі

Гүлназым
САҒИТОВА

Алматы қаласында механика мен математика бойынша Ө. Жолдасбеков атындағы халықаралық зерттеу жұмыстардың конкурсы болып өтті. Облысымыздан осы конкурсқа сегіз жоба (он екі қатысушы) жіберілді. Конкурс қорытындысы бойынша төрт жоба жүлдегерлер қатарынан көрінді. Атап айтқанда, экономика бойынша Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушысы Елдар Ахметбеков, қолданбалы математика бойынша «Озат» дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары Жұмабике Жарылқасымова, Нұрай Құдабаева, математика бойынша жітіқаралық Дәулет Асқаров және механикадан «Озат» дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары Айдос Қуанышев пен Нұржан Бектемісов жеңімпаз атанды.

● ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА

Жастардың айтары бар

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында студент жастардың «Дипломмен – ауылға!» слеті өтті. Оған оқу ордасында білім алып жатқан студенттермен қатар, бүгінде ауылда табысты қызмет етіп жатқан бұрынғы түлектері де қатысты.

Жыл сайын ауылдарға көптеген жастар диплом алып аттанады. Солардың дені Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының түлектері. Ауылға аттанған жастар барған жерлерінде тұрақты жұмыс, бастарына баспана тапты. Осы сияқты жастың бірі – Бекжан Ешматов. Ол Қостанай педагогикалық институтының география факультетін 2012 жылы бітірген. Оқуды аяқтаған соң көп ойланбастан өзі тұратын Денисов ауданына жол тартты. Мұндағы №3 қазақ орта мектебі жас маманды құшақ жая қарсы алды десе де болады. Мемлекеттік бағдарламаның ұсынған барлық жеңілдігін пайдаланған Бекжан осы қадамына дән риза. Бүгінде басында баспанасы бар.

— Бүгінде жастар үшін бар жағдай жасалып жатыр. Ата-анам сол ауданда тұратын. Тұрмысым түзелді. Өзіммен бір оқу орнында оқыған сүйіктім де менімен бірге сол ауданға



барған еді. Бүгінде жас отбасымыз. Қазір үйім де, отбасым да, сүйікті жұмысым да бар. Ауыл өмірін жақсарту үшін қолымнан келгенін аямаймын. Ауыл балаларына сапалы білім беру жолында бар білгенімді үйретіп, еңбек етудеміз. Ауыл өмірі біз сияқты жастармен көңілді, — дейді Бекжан Ешматов.

Слетке қатысушы студенттер қазірден бастап, ауылға баратындарын мәлімдеді. Слет барысында осылай деп сөйлеген Жәнібек Жәкенов аталмыш оқу орнына Қамысты ауданынан келіп түскен болатын. Жәнібек Жәкенов келешекте туған ауылына қайта барып еңбекке араласқысы келетінін жеткізді. Жас жігіт туған ауылын көркейтіп, келешегін жақсартуды ойлайды. Нағыз патриот екен. Ол ауыл десе тыржия қарайтын өзі

сияқты жастарға: «Ауылға барса өмірдің соңында қалатындай сезінетіндер бар. Иә, біз ауыл баласымыз. Мен ауыл мектебін бітіріп келіп, институттың шет тілдері факультетіне түскенмін. Ешкімнен кем емеспін, сапалы білім алдым. Елбасымыз үш тұғырлы тілді міндеттеп отыр. Еліміздің дамуы үшін болашақ мамандар екі тілмен қатар ағылшын тілін меңгеріп алса қандай жақсы. Мен Елбасының осы саясатына өз ісімен үлес қосқым келеді» деді.

Слетке келгендер «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының жастарға мемлекеттің жасаған қамқорлығы деп түсінетіндерін жеткізді. Слетке қатысушылар барлық түлектерге үндеу қабылдады.

СУРЕТТЕ: жастар слетінде.

«Діни экстремизм — қоғамға жат құбылыс»

Осындай тақырыппен Сырбай Мәуленов атындағы гимназияда кездесу өтті.

Қостанай қаласының С.Мәуленов атындағы гимназиясында дінтану пәні мұғалімдері Б.Базарбаева мен Ү.Есетованың ұйымдастыруымен «Діни экстремизм — қоғамға жат құбылыс» атты жоғарғы сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты оқушыларға қазіргі кездегі салт-дәстүрдің ара қатынасы, ондағы шешімін табуға тиісті мәселелер, сондай-ақ қазақ қоғамын жайлап бара жатқан түрлі келімсек діни ағымдар, олармен күресу, сақтану жолдары турасында пікірлесу, дін мәселесі жөнінде оң пікір қалыптастыру болып табылады. «Бүгінде біздің хақымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды... Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек», — деп атап өтті Мемлекет басшысы өз Жолдауында. Түрлі діни секталардан, әсіресе, жастардың сақтана білуі маңызды. Миссионерлер әдетте білім-тәжірибесі аз адамдарды пайдаланып, өздеріне тартады. Бұған алданбаудың бір жолы — діни сауаттылықты арттыру.

Осы орайда оқушылар да ұсыныс-пікірлерін ортаға салды, өздерінің мұндай шараларды қолдайтындықтарын білдірді. Асыл дініміз Исламды өскелең ұрпаққа дұрыс жеткізу әрбір білімді мұсылманның міндеті. Кездесуге Қостанай облысы әкімдігінің дін істері басқармасының бас маманы С.Абдиев, Қостанай облыстық Марал ишан мешітінің наиб имамы Д.Сыздықов шақырылды. Олар кездесу барысында дәстүрлі



дін ағымдары мен қоғамда туындаған діни қайшылықтар, жеке топтар мен жеке адамдардың, мінез-құлқына ықпал етудің кемшілік жақтары мен артықшылықтарына талдау жасап кетті. Сондай-ақ әлемдік діндер, тарихы, дәстүрлі емес діни ұйымдар, олардың ұстанған бағыты, экстремистік топтар, олардан төнетін қауіп-қатерлер, оқушылардың олардан бойды қалай аулақ ұстау керектігі, соңғы қабылданған заңдағы өзгерістер жөнінде мағлұматтар берілді. Сондай-ақ, кездесу соңына қарай оқушыларды толғандырған сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді.

Кездесуге қатысқан әлеуметтік педагог Б.Рахметқалиева өз тараптарынан мұндай кездесудің көп ұлтты еліміздің тәуелсіздігін бағалап, жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор екенін атап өтті.

Назгүл ТОҚАЕВА,
С.Мәуленов атындағы гимназияның
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

СУРЕТТЕ: кездесу барысында.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қазақ қаламгері Мәскеуден төрт марапат алып қайтты

Ресей Федерациясының Бейбітшілік және келісім сарайының конференц-залында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері Сәбит Досановтың 75 жасқа толуына орай жазушының шығармашылық кеші өтті.

Ресей Жазушылар одағы мен "Мұрагер" және "Қазақ тілі" қоғамдық ұйымдары ұйымдастырған кеште орыстың көрнекті ақыны, Ресей Жазушылар одағының бірінші хатшысы Геннадий Иванов, әлем таныған сыншы, академик Феликс Кузнецов, Тәжікстанның халық жазушысы Шавқат Ниязи, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері генерал-лейтенант Сергей Соколов, "Московский литератор" газетінің бас редакторы Иван Голубничий, тарихшы, әдебиетші Валентин Осипов өз сөздерінде Сәбит Досановтың әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған

"Ақ аруана" повесі, "Екінші өмір", "Тау жолы" романдары жайлы парасатты пайымдауларын ортаға салып, жазушының қуатты, қайталанбас хас талантына аса жоғары баға берді. Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі Марат Тәжиннің құттықтау хатын елшіліктің жауапты қызметкері Виктор Темірбаев табыстады. Жазушыны мерейтойымен құттықтаған қазақ және қырғыз диаспорасының өкілдері Сәбит Досановтың талантына тағзым етіп, шапан жапты.

Мерейтой кешін жүргізген белгілі жазушы, Ресей Баспасөз клубының Президенті Валерий Поголев Сәбит Досановқа Сергей Есенин атындағы "Золотая осень" сыйлығы берілгенін және Василий Шукшин алтын медалімен марапатталғаны жайлы қуанышты хабарды жеткізгенде зал толы халық дуылдата қол соқты. Бұл сыйлықтарды Ресей және Мәскеу Жазушылар одақ-

тарының басшылары табыстады. Сәбит Досанов сонымен бірге аса көрнекті мемлекет қайраткері Геннадий Зюгановтың шешімімен "Тың жерлерді игерудің 60 жылдығы" және Панфиловшы ескерткіш медалімен марапатталды. Сөйтіп қазақ қаламгері Мәскеуден төрт бірдей марапат алып, елге зор абыроймен оралды.

Сәбит Досановтың Мәскеуде өткен шығармашылық кешіне генерал-полковник, Ресей Жазушылар одағының мүшесі Юрий Ефимов, аса көрнекті ақын Леонид Монастырский, белгілі армян әдебиетшісі Станислав Оганян, Дружба народов университетінің проректоры, профессор Нұр Қирабаев, "Московский литератор" газетінің бас редакторы Иван Голубничий, Ресей мен Қазақстан және Қырғызстанның елге танымал көрнекті тұлғалары қатынасты.

"Ақ желкен — 2015" жас әншілер байқауы

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Таяуда аудандық Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде "Ақ желкен" жас әншілер байқауы өтті. Осымен 14-ші рет дәстүрлі түрде өткізіліп отырған байқауда аудан және ауылдық округ мектептерінен барлығы 45 үміткер бақ сынады. "Ақ желкен" — аудан балалары мен жасөспірімдердің өнерін шыңдауда игі істер тындыруда. Ол талай жас әнші балаларды елімізге танытып келеді. Солардың бірі — бүгінде Астана қаласында өнер көрсетіп жүрген дарынды әнші Айару Орманова. Ол бірнеше рет облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты болды.

"Ақ желкен" ән байқауының бірінші кезеңінде 5-9 жас аралығындағы бүлдіршіндер өнер көрсетсе, екінші кезеңінде 10-16 жас аралығындағы үміткерлер өн жарыстырды. Ақтық мәреге іріктеліп алынған өнерпаздардың біразы Гала-концертте өн шырқады.

Байқауда біраздан бері өн өнерінде ауданымыз бойынша



жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқан амантоғайлық Назерке Амангелді бас жүлдені иеленді. Тартысты өткен бұл байқаудан оған қатысушы үміткерлер де, көрермендер де жақсы әсер алып тарқасты.

Байқауды ұйымдастырушылар жас әншілерге қолдау көрсетіп, демеушілік жасады. Олар: аудандық білім беру бөлімінің кәсіподақ үйі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, ішкі

саясат бөлімі, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі, дене тәрбиесі және спорт бөлімі, Аманкелді музыка мектебі және халыққа қызмет көрсету орталығының ұжымдары.

СУРЕТТЕ: "Ақ желкен" байқауының жеңімпазы Назерке Амангелді.
Суретті түсірген автор.

Диплом алған думанды күн

Руслан ӘЛКЕЕВ

Сарыкөл агробизнес және құқық колледжінде биылғы түлектерге диплом табыстау сәті салтанатты түрде өтті.

Бұл думанға толы ерекше күн есте қаларлықтай болды. Яғни, білім нәрімен сусындаған студенттер кәсіби маманға айналып, колледжден жаңа өмірге қанат қақты.

Білім ордасына, ондағы тәлімгерлер мен студенттерге бауыр басқан түлектерді алдымен, колледж директоры Бақытгүл Асанова құттықтап, басқалардан озаттылығымен озған үш студентке қызыл диплом табыстады. Ал, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Жақсыбаева мен директордың оқу-өндіріс жөніндегі орынбасары Вик-

тор Ковальчук және сырттай бөлім меңгерушісі Елена Паркиналар алпыстан астам түлектерге диплом табыстап, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Сондай-ақ, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Роза Идирисова да оқу ордасының спорттық өміріне белсенді атсалысқандарды да мақтау қағаздарымен марапаттады. Сахнаға шығып, сөз алған түлек, ата-ана және бітіруші топ жетекшілері ізгі ілтипаттарын білдіріп, ағынан жарылды. Колледж тәлімгері Нұрлан Қажиев пен талантты студенттер өн шырқап, думанды күнді шаттыққа бөледі.

Осылайша, колледжден төрт жыл бойы білім алып, түлеп шыққан түлектер енді әр саланың бір-бір маманы болмақ. Сөйтіп, еліміз бен жерімізді көркейтуге қомақты үлестерін қоспақ.

Сарыкөл ауданы.

Тобыл Торғай Тынысы

Ашық есік күні өтеді

Қостанай қ. Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында үстіміздегі жылдың 26 наурызында ашық есік күні өтеді. Бұл күні сот төрағасы А.Жұмағұлов азаматтарды толғандырып жүрген сұрақтарға жауап береді. Сондай-ақ, ашық есік күніне келемін деушілер өздерімен бірге жеке куәліктерін де ұмытпаулары тиіс.

Ғажайып әжелер

Аманкелді. Бастауыш ардагерлер кеңесі, аудандық балалар кітапханасымен бірігіп "Ғажайып әжелер" атты сайыс өткізді. Халқымыздың ата-бабадан келе жатқан асыл мұрасын, отбасылық тұрмыс-салтын, жақсы үлгі-өнегесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді көздеген 5 әже сайысқа қатысты. Олар өздерінің өнерлерін, шеберліктерін көрсете білді. Сайыс соңында 1 орынды Байғабыл ауылынан келген Тұрсынқұл Әбдірова әже, 2 орынды аманкелділік Бөдеш Баймұханова және 3 орынды Кемер ауылынан келген Гүлсім Ахметова әже иеленді. Үкі Төлекбаева "Шебер әже", Тілеукен Өтекенова "Биші әже" атағын алды.

Үміттерін үкілеп

Облыста. "Алтын микрофон" халықаралық балалар байқауының жаңа маусымы басталды. Осымен 13-рет өтетін байқау биылғы жылы сайлауға байланысты мамыр айына шегеріліп отыр. Оған Қазақстан, Ресей, Эстония, Өзбекстан, Белорусия елдерінен үміткерлер қатыспақ. Облыстық іріктеу кезеңі 24-29 наурыз аралығында қуыршақтар театрында өтеді. Өтініштерді қабылдау күні 23-де аяқталады. Шараға 5-17 жас аралығындағы жеткіншектер қатыса алады.

Байқауға қатыс, балақай!

Облыста. Балалар арасындағы "Аялаған Астана – 2015" популярдаушылардың ұлттық музыкалық телевизиялық байқауы биыл да өз жалғасын таппақ. Аталған байқаудың Қостанай облысындағы іріктеу кезеңі 12 сәуірде қаламыздағы Достық үйінде өтеді. Оған 8-12 жас аралығындағы өнерпаздар қатыса алады. Толығырақ мәліметтерді www.aa2015.kz сайтынан таба аласыздар.

"Бақытты отбасы"

Ұзынкөл. "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Болатов жастардың қатысуымен "Бақытты отбасы" жобасы аясында дөңгелек үстел өткізді. Ол отбасындағы тәрбие арқылы жастардың отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру, халқымыздың салт-дәстүрін, атадан балаға берілетін құндылықтарды сақтау, жастар мен балаларды салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде сөз қозғады. Кездесу барысында жастар отбасы жайында өз пікірлерін, ұсыныстарын айтты.

Жас мамандар сынға түсті

Арқалық. Қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен және Жастар бастамалар орталығының ұйымдастыруымен "Полиглот – 2015" интеллектуалды - танымдық сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты жас мамандардың білімдерін шыңдап, кәсіби біліктілігін арттыру. Қорытындысында I орынды қалалық ішкі істер басқармасының аға лейтенанты Д. Садуақасов, II орынды облыстық "Дала өлкесі" тарихи мұражайының қызметкері А. Атымтаева, III орынды А. Құнанбаев атындағы №6 орта мектептің маманы Ә.Қосабергенова иеленді.

"Алтын балық" иегері анықталды

Лисаков. Қысқы балық аулаудан "Алтын балық" турниріне қатысқан кішкентай тұрғын жүзге жуық ересек қатысушыны басып озды. Жоғары Тобыл су қоймасындағы жарысқа 100-ге жуық қатысушы жиналды. Олардың барлығы балық аулаудан шебер екендерін дәлелдемек болды. Ерекше сайыста Қостанай, Рудный, Лисков және басқа да елдімекендердің балықшылары бас қосты. Жарыстың ең үлкен қатысушысы 79 жаста болса, ең кішісі 5 жаста. Жарыс қорытындысы бойынша, 7 жастағы Лисаков тұрғыны К.Назаренко бас жүлдені жеңіп алды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ

Сіздің банктердегі депозиттеріңіздің мемлекеттік кепілдігі

- депозиттер
- ағымдағы шоттар
- карточкалық шоттар

**Наурыз мерекесімен
құттықтаймыз!**

Тегін шұғыл желі
8 800 080 10 20
www.kdif.kz

Қазақ сыныбы ашылды

Осыдан бірнеше жыл бұрын Таран ауданындағы Юбилейный ауылының тұрғындарынан мемлекеттік тілде оқытатын шағын орталық ашу туралы өтініш түскен болатын. Аудан басшылығы өтінішті есепке ала отырып, бұл мәселенің шешімін тапты.

Сөйтіп, Юбилейный орта мектебінің қабырғасында қазақ топтары ашылып, көптеген жеткіншектерге білім нәрінен ана тілінде сусындауына мүмкіндік туды. Қазақ тобының ашылуын асыға күткен ата-аналар бұл жағымды жаңалыққа барынша қуанып, балаларының ана тілінде сапалы білім алып, ұлттық салт-санада тәрбиеленетіндігіне сенім білдірді.

Қ.СЕЙДОЛЛАҒҰЛЫ.

Таран ауданы.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА - 550 ЖЫЛ

«Біртұтас шаңырақта»

Айтопқын
АЙҚАДАМОВА

Міне, осындай атаумен Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайында қазақ хандығының 550 жылдығына арналған көркемсурет көрмесінің салтанатты ашылуы болды.

Әрбір халықтың тарихында айтулы оқиғалар жетерлік. Олардың мән-маңызын қайта бағалау мүмкін емес. Осындай маңызы зор оқиғалардың біріне ұлттық мемлекеттің пайда болуы жатады. Мұражайдың қор жиынтығындағы қазақстандық белгілі кескіндеме және графика шеберлерінің туындылары мол қазына. Олар қазақ халқының ғасырлық тарихы мен бай мәдени мұрасына жатады.

Қазақстанның бейнелеу өнерінің алтын қорына Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Исатай Исабаевтың, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Константин Барановтың, ҚР Суретшілер



одағының мүшесі Бота Машраповтың және өзге де суретшілердің бірегей графикалық туындыларын жатқызуға болады. Міне, мұражайдың қор жинағындағы осындай суреттер бүгінгі көрмеге қойылған. Олардың қай-қайсысынан болмасын елдің өткенін, тарихи кезеңдерін көруге болады.

СУРЕТТЕ: көрменің ашылу барысында

Тарих толқынында

«Рухы биік халықтың тарихы мәңгілік» атауымен қаламызда Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған іс-шара өтті.

Тарихи танымдық шолу «Балалар өсиеті – ұрпаққа мұра» және «Қазақстан жаңа дәуірде» деп аталатын екі бөлімнен тұрды. Шара барысында келушілер жинақталған кітап көрмесі мен сахналық қойылымды тамашалай алды.

Облыстық қазақ драма театрының сахнасында қойылған ел басына туған азапты күнді бейнелеген «Қазақ елім» деп аталатын әдеби-музыкалық композиция көрермендерге ерекше әсер етті. Азаттық аңсаған сол ата-баларымыздың арманы бүгінде салтанат құрды. Елбасы



айтқандай, ұлттық тарихымызды ұлықтап, бүгінгі биіктерімізді бағалау – парыз. Осы қағиданы ұстанған ұйымдастырушы Н. Островский атындағы қалалық орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері іс-шараның екінші бөлігінде тәуелсіз елдің жеткен жетістіктері жайында баяндады.

Қазақ хандығының шежіресінде 20-дан астам хан билік құрған. «Қилы тағдырлы тарихи тұлғаларды толық әлі танып білген жоқпыз. Олардың әрқайсысын жаңаша зерделеп, ұрпағымыздың ұлттық мақтанышына айналдыру міндет», – дейді зиялы қауым өкілдері.

СУРЕТТЕ: тарихи сахналық көріністер.

Астана жаңа жұлдыздардың бағын ашады!

4-6 шілде күндері Астана қаласында «Аялаған Астана-2015» жас поп-орындаушылардың Ұлттық музыкалық телевизиялық балалар байқауы өтеді. «Аялаған Астана-2015» – Қазақстанның түкпір-түкпірінен келетін ең талантты жасөспірімдердің басын қосатын әрі еліміздің жаңа жұлдыздарының есімін анықтайтын балалар байқауы.

Байқауға 8 бен 12 жас аралығындағы өнерлі балалар қатыса алады. «Аялаған Астана-2015» жас поп-орындаушылардың додасы III кезеңнен тұрады: іріктеу кезеңі, жартылай финал, финал. Іріктеу кезеңіне қатысу үшін қатысушылар өтініштерін тапсырулары керек.

2-наурыздан бастап республика бойынша облыс орталықтары, Астана мен Алматы қалаларында байқауға қатысушыларды іріктеу кезеңі басталды. Ұйымдастырушылар сәуірге дейін жалғасатын іріктеуден қалып қоймауға шақырады.

Байқау жетекшісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Алматыдағы «Таңдау» компаниясының директоры Қарлығаш Әжиеваның айтуынша, биылғы байқаудың бірнеше ерекшелігі бар. Біріншіден, бұл жолы бұрынғыдай мәскеулік мамандар қатыспайды. Екіншіден, жоба Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай, елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдері арасынан талантты балаларды табуға ерекше көңіл бөлмек. Үшіншіден, «Қазақстан» РТРК арқылы жоба бұрынғыдан да үлкен аудиторияға жол тартатын болады.

Ұйымдастырушылар әзірше байқау әділқазылар алқасының есімін құпия ұстап отыр. Ал іріктеу кезеңінде таланттыларды таңдауға елімізге танымал жарық жұлдыздар атсалыспақ. Олардың қатарында Мәдина Сәдуақасова, Нұрлан Албан, Қайрат Баекенов, Алмас Кішкенбаев, Гүлнұр Оразымбетова, Иван Бреусов, Салтанат Бақаева, Адам, «Орда» мен «Ринго» топтары және тағы басқалары бар.

Бұған дейінгі тәжірибені ескере отырып, ұйымдастырушылар байқауға бақ сынауға келген балалардың үлкен дайындықпен келуін сұрайды. Олар қазақ тілімен қатар, өзге әлем тілдерінде ән айта алуы шарт. Бұл – байқаудың басты талабы. Себебі, XXI ғасыр жастары барлық жағынан алда болуы керек. Сондай-ақ, бұл жобада ұлттық киім киіп, тек ұлттық ән айту міндет емес. Баланың жан-жақтылығын көрсетуге, өзге қырларын ашуға ерекше мән беретін додада ата-аналардың да рөлі аса маңызды.

«Аялаған Астана-2015» байқауының жеңімпазына халықаралық байқауға қатысуға, үлкен өнер мектебінде шыңдалуға жолдама беріледі. Ол жерде жас өнерпаз халықаралық деңгейдегі мамандардан сабақ алу мүмкіндігіне ие болмақ. Өзге де жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырылады. Ең бастысы, бұл – өнер мектебі.

Мұндай мүмкіндік күнде бола бермейді! Сондықтан өнерлі болсаңыз, үздіктер сынында бақ сынауға асығыңыз!

Анықтама:

Еліміздің түрлі облыстарынан келіп, бірінші кезеңнен өткендер келесі кезеңге жолдама алады. Жартылай финал Астана қаласында 8-маусым мен 3-шілде аралығында болады. Дода соңында финалға қатысатын өнерпаздардың есімі анықталады. Байқаудың соңғы кезеңі Астана күні қарсаңында 4-6 шілде күндері өтеді. Үш күнге жалғасқан өнер додасының соңында әділқазы мүшелері және SMS дауыс беру арқылы жеңімпазды анықтайды. Қатысушылардың өнеріне бағаны нағыз өнер майталмандары беретін болады.

Байқау ұйымдастырушылары: «Нұр Отан» ХДП партиясы, Астана қаласының әкімшілігі, «Қазақстан» РТРК АҚ және «Таңдау» компаниясы. Қосымша ақпарат алу үшін байқаудың баспасөз орталығына хабарласуға болады: 8 727 354 06 07, ayalagan.astana@gmail.com. Сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз арқылы байқау жөнінде әрдайым хабардар болуға шақырамыз!



● ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

Отты жылдар жаңғырығы

● МАҚТАНЫШ

Мырзаш атам – майдангер

Ұлы Отан соғысы... 1418 күн мен түн. Сол сұрапыл жылдарда қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Ұлы Отан соғысы әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жара қалдырды. Майдан даласына қаншама қазақ азаматтары да бөлін бекем буып өз ұрпағының келешегі үшін аттанды...

Адамзат тарихында өшпес із қалдырған сұрапыл соғыстың аяқталғанына жақын арада 70 жыл толады. Қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Жеңіс күні мерекесі баршамыз үшін өте қастерлі, аса қымбат мейрам. Бұл күн – қан майданда парыз бен намысты алға қойған, елі мен жерінің бостандығы үшін жан аямаған жауынгерлеріміздің және тылда тынымсыз еңбек еткен аталар мен әжелеріміздің ерлігі мен биік рухының мерекесі.

Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білген, қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, біз үшін бүгінгі көк аспанда ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сый-



лаған жауынгерлер ішінде менің атам да болған.

Менің атам, Ахметкәрімов Мырзаш Сапарғалиұлы, 1921 жылы қазіргі Сарыкөл ауданындағы Қарашілік ауылында дүниеге келген. 1939 жылы ол әскери борышын орындау үшін әскерге алынған. Әке-шешесі мен қарындасы және туыстары "екі жылдан соң аман-сау қайтып келеді" деген үмітте қалған. Бірақ ел тарихындағы ең сұмдық оқиға – соғыс басталды. Әскерден туған ауылына келместен Мырзаш-атамыз майданға аттан-

ды. 1941 жылдан бастап 114-ші артиллериялық полкында шайқастарға қатысқан. Латвия еліндегі Лиенпая қаласының қорғанысы – атамның өз ерлігі мен батылдығын көрсеткен ең алғашқы әскери операция. Мырзаш-атам неміс тұтқынында да болып, оның қиыншылықтарына төзіп шыққан кісі. Бірнеше жылға созылған жауыз соғыс ешкімді де аямай, бірін әкесінен, бірін ұлынан айырды. Атам тұтқынға түскенде, "Ұлыңыз хабарсыз кетті" деген қағаз келген екен. Сонда оның әкесі, менің арғы атам, Сапарғалимолда, жалғыз баласын аңсап, өз жүрегінің қайғысы мен үміті туралы мынадай өлең жолдарын шығарған екен:

Қағаз, қалам, қарындаш,
Көңілде қайғы, көзде жас...
Сау-саламат бармысың,
Жалғыз құлыным, жан-Мырзаш.

Иә, Тәңірім сұбыхан,
Жеткіздім саған ойымды...
Жалғызымды тапсырдым,
Үзбеймін үміт Алладан!

Мырзаш атам 1946 жылы туған ауылына оралды. Әке-шешесі мен бауырлары үшін бұл, әрине, өте үлкен қуаныш болған! Қарашіліктің қызы Зағи деген асыл әжемізбен жанұясын құрып, үш ұл мен бес қызын өсіріп жеткізді. Еліміздегі ең сыйлы, құрметті, ақылын айтып оты-

ратын адамдардың бірі болған. Атамыз "1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін" және мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Сексенінші жылдарда қоғамға сіңірген адал еңбегі үшін "Еңбек ардагері" медаліне ие болды. Бірнеше жыл "Ленинград" совхозының бас бухгалтер қызметін атқарып, зейнеткерлік демалысына шыққан. 1992 жылы дүниеден өтті.

Мен Мырзаш-атамды көрген жоқпын, бірақ мен оны мақтан тұтамын. Немере-шөберелерінің жүректерінде осы атамның орны бөлек. Менің аға-апаларым сөзі бойынша, Мырзаш-атам ұрпақтарына татулық, бауырмалдық, кішіпейілдік сияқты асыл қасиеттерді насихаттаған. Оның өсиет сөздерін жадымызға тоқып, жыл сайын Жеңіс күні – 9 мамырда Мырзаш-атамның ұрпақтары Қарашілік ауылына келіп, Ұлы Отан соғысының ардагері, қарапайым жауынгер, Мырзаш-атамызды еске аламыз. Біз үнсіз басымызды иіп, атамыз бен сол жерде мәңгі ұйқыда жатқан бабалар, ата-әжелер мен бауырларымыз аруағына дұға арнаймыз.

Шынар АХМЕТКӘРІМОВА,
Қарашілік негізгі мектебі 8-сынып оқушысы.

Сарыкөл ауданы.

● ТАҒДЫР

Хабарсыз кеткен бір қазақ

Сәлім
МЕНДІБАЙ

Темірғазы Әлімбаев 1900 жылы Ұзынкөл ауданы Елтай селолық кеңесінде туған еді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысының ең бір қиын кезеңінде Мендіқара аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға шақырылып, Ленинград қаласын қорғауға қатысады. Үйіне келген екі хатта дала поштасының 471-нөмірі көрсетілген. Ал 1943 жылдың сәуір айында елге қатардағы жауынгер Темірғазы Әлімбаев

ды, бірақ көп ұзамай дүниеден өтеді. Ұлы Жүсіпбек он екі жасында қайтыс болады. Үшінші баласы Ахметбек әскер қатарындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп келіп, ауылда elektrik болып еңбек етіп жүргенде қайғылы қазаға ұшырайды.

– Сөйтіп бір отбасының, майдангердің үш баласы да жастай дүниеден өтеді.

– Ең бір өкініштісі осы Ахметбекті үйлендіріп, Темірғазы ағамыздың немерелерін көрсек деп армандаған едік, – дейді майдангердің немере інісі Жәлел Сұлтанғазин, – тағдыр бізге оны да жазбады. Бәтес жеңеміз де талай қиыншылықтарды бастан кешіп, үш құлынының қазасын қайыспай көтеріп, 85 жасқа келіп, дүние салды.

Бүгін біз Жәлел ағамыздың үйінде сақталған бұдан 73 жыл бұрын түсірілген суретті жариялай отырып, хабарсыз кеткен бір қазақтың – қатардағы Темірғазы Әлімбаев рухы алдында бас иеміз.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

СУРЕТТЕ: Темірғазы Әлімбаев пен оның жары Бәтес өздерінің және ағайындарының балаларымен бірге.


(Сурет Жәлел Сұлтанғазиннің отбасылық мұрағатынан алынды).



хабарсыз кетті деген ақпарат жетеді.

Майдангер ағамыз соғысқа аттанғанда ауылда жары Бәтес және үйелмелі-сүйелмелі үш бала: бір қыз, екі ұл қалады. Қызы Қайынжамал бой жетіп, тұрмысқа шыға-

● ТАҒЗЫМ



Тағдырдың сыйы

1939 жылы Торғайдан Қызыл әскер қатарына шақырылған 37 жігіт 1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі болып, жауға қарсы атой салды. Солардың бірі – Қабдыраш Адаев еді. Онымен бірге бауырлары Жұмақан, Дөнеш Адаевтар да соғыс өртінің ортасында болды.

Қабдыраш генерал Черняховскийдің басшылығымен артиллерия бөлімінде қызмет етіп, талай шайқастарға қатысты. Жаралы болып, госпитальға түсті, емделіп шыққан соң қолына қайта қару алды.

Қан майданда көрсеткен ерлігі үшін бірінші және екінші дәрежелі "Отан соғысы" орденімен, "Ерлігі үшін" және де басқа көптеген медальдармен марапатталды.

Ұлы Жеңісті Прибалтикада қарсы алып, омырауы орден-медальдарға толы жауынгер туған Торғайына оралып, қашан зейнеткерлікке шыққанша ішкі істер органын-

да қызмет етті.

1939 жылы әскерге алынған 37 адамның тек жетіуі ғана аман-есен елге оралған екен.

–Қиямет қайымнан жаралы болып, мүгедек атансам да туған топыраққа аман келдім, менің басты бақытым да осы, – дейді екен майдангер.

Сондықтан да ол бейбіт еңбекте де үнемі алғы сапта болыпты. Айтулы ұрпақ өсіріп, жасы жетіп, дүние салған ардагер ағаны Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында еске алып, рухына тағзым ету бізге де парыз болса керек.

Иә, ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран. Ол күндердің даңқы өшпейді.

СУРЕТТЕРДЕ: Қабдыраш Адаев соғыстан кейін және өмірінің соңғы жылдары.

(Суреттер кейіпкердің отбасылық мұрағатынан алынды).

● 24 НАУРЫЗ – БҮКІЛӘЛЕМДІК ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, туберкулезге шалдыққандар саны бойынша жағдай әлі де жақсарар емес. Жыл сайын әлемде он млн. жуық адам осы дертпен ауырып, екі млн. астамы өмірімен қоштасады екен. Дегенмен, Қазақстанда соңғы жылдары құрт ауруынан төнген қауіп-қатердің бұлты сейілген. Бұған елімізде қолға алынған арнайы бағдарламаның көп көмегі тиіп жатқан көрінеді. Сондай-ақ, алдын алу шаралары да өз нәтижесін беруде. Елімізде жыл сайын ақпанның 23-нен наурыздың 23-не дейінгі аралықта айлық өткізіледі. Бұл дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні қарсаңында ұйымдастырылатын шара. Қазірде еліміздің әр өңірінде аталмыш шара аясында тиісті жұмыстар атқарылуда. Біз осы орайда, облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері Іңкәр Ысқақовпен тілдескен едік.



Батпандап кіріп, мысқылдап шығатын дерттен толық айығуға болады

Қарлығаш
ОСПАНОВА

– Іңкәр Серкешұлы, соңғы жылдары еліміз бойынша құрт ауруының көрсеткіші біраз төмендеген көрінеді. Ал, біздің өңірдегі эпидемиологиялық ахуал қалай?

– Туберкулез – ешқашан күн тәртібінен түспейтін проблема. Әрине, осыдан он-он бес жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда біздің облысымыздағы көрсеткіш әлдеқайда төмендеді. Ол жылдарда әрине тек біздің өңірде ғана емес, бүкіл еліміз бойынша ауруды ауыздықтау үлкен мәселе болып, жағдай өршіп тұрған еді. Мамандардың тынымсыз еңбегі мен ізденісі, сауатты ем-дом мен тұрғындар арасындағы үгіт-насихат жұмыстары бүгінгі нәтижеге қол жеткізді. Әрі елімізде аталмыш аурудың алдын алу мақсатында арнайы бағдарлама да қабылданып, соның аясында үкімет тарапынан ауруды ауыздықтауға жыл сайын қомақты қаржы бөлініп отырады. Бүгінде облыс бойынша диспансерлік есепте 1419 адам тұр. Жалпы, былтыр өңірде туберкулез жөніндегі эпидемиологиялық ахуал тұрақты болды, нәтижелі жұмыстардың арқасында ауру көрсеткіші 12,1 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, қазіргі таңда заманауи медициналық аппараттардың көмегімен дәрілік сезімталдықты жылдамдатып анықтауға да мүмкіндік туды. Бұрын диагнозды анықтауға үш айдай уақыт кететін болса, ал қазір ВАКТЕК MGIT – 960 аппараты арқылы екі аптаның

ішінде, ал Gene-Xpert/RiF аппараты арқылы небәрі екі сағаттың ішінде анықтай аламыз. Бүгінде науқастарды емдеуге барлық жағдай жасалған, ем-дом қабылдайтын орындар да жеткілікті. Мәселен, облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансері 280 орынға арналса, ал Затоболдағы аурухана 115 орынға арналған. Онда туберкулездің тұрақты түрімен ауыратын сырқаттар емделеді. Мұның сыртында Арқалықта, Рудныйда, Әулие-көлде, Меңдіқарада аудандарында да туберкулезді емдейтін жеке ауруханалар бар. Дегенмен, ауру көрсеткіші төмендеді екен деп арқаны кеңге салуға болмайды, сондықтан туберкулездің алдын алу, оны ерте анықтау, емдеу шаралары сияқты жұмыстар жалғасын таба бермек.

– Жалпы, құрт ауруына шалдыққандар тегін емделеді ғой...

– Иә, бұл дертті жүз пайыз тегін дәрі-дәрмектен емдейміз. Өйткені, жыл сайын үкіметтен бұған қомақты қаражат бөлінеді. Жыл сайын республика бюджетінен біздің өңірге туберкулезге қарсы шаралар үшін 2 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінеді. Соның ішінде облыстық диспансердің үлесіне 700 млн.-ға жуық қаржы тиеді. Биыл да ел қазынасынан бөлінген қаржы көлемі 693 млн. 852 мың теңгені құрап отыр. Ал, бір науқасты толықтай емдеп шығу үшін бір жылға 700 мыңға жуық қаржы жұмсалады. Міне, осындай қаншама қаражат жұмсалады, ал осыны түсінбейтіндер тегін емделуден қашып, ұзақ уақыт ауруханада жатуға көңілері келмейді. Тіпті, туберкулездің ашық

түрімен ауыратындар арасында қашып кететіндер де кездеседі, ондайларды полицияның көмегімен іздеп тауып аламыз. Сондықтан, ондай жандарды күштеп емдеуге тура келеді. Ал, мұндай тәртіпке бағынғысы келмейтіндер соттың шешімімен Рудный қаласындағы ауруханада емделеді.

Жалпы, туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан аурудың мұндай түрімен ауыратын сырқаттар өте қауіпті деп саналады. Ал, жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез кезінде кох таяқшалары көбіне өкпені, кейде ми мен оның қабықшаларын, омыртқа, бүйрек, жыныс мүшелерін, лимфа түйіндерін, буынды және басқа да органдарды зақымдайды. Көптеген дерілерге төзімді туберкулезді емдеу кем дегенде 24 айға созылады. Осы кезеңде туберкулездің мультирезистентті микобактерияларын толығымен жоюға қол жеткізуге болады. Науқаста туберкулез бактерияларының бөлінуі толық тоқтағанда (қақырықтың анализдері бойынша), қанның анализі, жалпы күйі жақсарғанда, рентгенограммадағы өкпенің қабынған өзгерістері байқалмаған жағдайда отбасында, қоғамдық орындарда, жұмыста өзін еркін сезініп, толық жазылған болып есептеледі. Емнің толық курсын бітіргеннен кейін науқас екі жыл бойы диспансерлік бақылауда болып, кезекті тексерілу-

ден өтіп тұрады, санаториялық ем алуына болады. Біздегі емделіп шыққан науқастар Меңдіқара ауданындағы М.Қарабаев атындағы санаторияда әрі қарай ем қабылдайды.

– Дәрігерлер әлеуметтік аурулардың қатарына жатқызылған құрт ауруын емдеуге болатындығын айтады. Бірақ, жыл сайын осы дерттің салдарынан қаншама адам көз жұмып жатады. Осындай өкінішті жағдайлар орын алмас үшін не істеу керек?

– Жасыратыны жоқ, көп жағдайда адамдар ауруы әбден асқынғанда ғана келіп жатады. Мұндай өкінішті жағдайларға жол бермес үшін, дертті дер кезінде анықтап, дер кезінде ем қабылдаған жөн. Ең бастысы, адам екі аптаға созылған жөтелден күмәндануы тиіс, сол себепті дереу дәрігерге барып, флюорографияға түсіп, кеудесін тексергені жөн. Жалпы, туберкулез батпандап кіріп, мысқылдап шығатын ауру ғой. Оны емдеу де ұзаққа созылады. Туберкулездің көптеген дерілерге төзімді түріне шалдыққан науқас ауруды таратудың көзі болып табылады. Сырқат адам жөтелгенде, түшкіргенде, сүйіскенде, сөйлескенде туберкулез микобактериялары тыныс алу жолдары арқылы шығып қоршаған ауаға тарайды. Бұл – туберкулезді ауа тамшылары арқылы жұқтырудың басты жолы. Сондай-ақ, адамның екі аптадан артық қақырықты жөтелі басылмаса, салмақ жоғалтып, дене қызуы көтерілсе, көкірек тұсына шаншу қадалса, өзінен-өзі терлеп-тепшіп жүрсе міндетті түрде фтизиатр дәрігерлерге көрінуі қажет. Мұның сыртында, қант диабеті, бронхиалды астма, гастрит сияқты сырқаты бар адамдар да үнемі тексеріліп жүруі керек, себебі ағзаның әлсіреген тұсын, иммунитеттің төмендегенін туберкулез микобактериясы инфекциясы бірден сезіп қалады. Дәрігер ретінде айтарым, адам туберкулезбен ауырып қалмау үшін жақсы тамақтанып, денені шынықтырып, спортпен шұғылданыуы тиіс. Тағы бір ескертетін жәйт, құрт ауруына шалдыққан адам өздігінен ем-дом қабылдауға болмайды, бұл тек арнайы спецификалық препараттар арқылы ғана емделетін ауру. Бір өкініштісі, дертті жұқтырған кейбір адамдар ауруын жасырып, дәрігерге қаралмай жүре береді. Мәселен, Аманкелді ауданында бір отбасында осы сырқатты жұқтырған адам дәрігерге қаралмай жүре берген, соның салдарынан отбасындағы тағы бір адам дертті жұқтырған. Таран ауданында да осындай жағдай орын алған. Айта берсек, мұндай мысалдар жетіп артылады. Сондықтан, тағы да қайталап айтамын, "ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде" демекші, қай ауруды болмасын дер кезінде анықтап, дер кезінде емделу қажет.

– Бүгінде аурудың облыстың қай өңірлерінде кеңірек таралып отырғандығын айта аласыз ба?

– Әрине. Құрт ауруымен сырқаттанушылық көрсеткіші әсіресе Қостанай мен Арқалық қалаларында, Жанкелдин, Аманкелді, Денисов, Қарабалық, Қамысты аудандарында жоғары деңгейде болып отыр.

– Әңгімеңізге рахмет!

Айналайын

Мектеп оқушыларына арналған бет

Бақытты алаңсыз шақ

Балалық шақ таң атқаннан кешке дейін құмда ойнап жүретін кездер екен. Қазір қарап отырсам өмірімнің ең бақытты сәттері сол кездер деп ойлаймын. Ата-анамыз қанша ұрысып, үйге кіргізе де біз қашып шығып, ойынның қызығына кіріп кететінбіз. Ойнағанымыз соншалық, кештің қалай батқанын байқамай да қалатынбыз. Кешкісін үйге жатар орынға бірақ келетінбіз. Үстіңді бүлдірме, былғама деген анамыздың ескертуіне де құлақ аспай, құмның арасында үйшік жасап қызыққа әбден бататынбыз. "Қызыл ту",

"Соқыр теке" біз алысып ойнайтын ойынның кереметтері еді.

Ең қызықты ойындар қыздар үшін үй, отбасы болып ойнау. Тамақ пісіре алмасақ та, құмнан тамақ пісірудің шебері едік. Өзімізді керемет аспаз, керемет ана, тәте, апа етіп елестетуші едік. Сол күндерім көз алдымнан зымырап өте шығыпты. Бұрындары бір аулада доп теуіп ойнайтын достарым қазір жоғарғы оқу орындарының студенттері. Қазір мен Мәметов көшесінде тұрамын. Өзім ойнаған, балалығымның куәсі болған Бадамбаев көшесінің жанынан өте бер-

генде тәтті естеліктерім ойыма еріксіз оралып отырады. Сол көшенің шаңын тоздырған балалар қайда екен? Біздің орнымызда басқа жас бүлдіршіндер ойнап жүр. Өрқашан ойыма өз көшем, өз аулам, Бадамбаев көшесінің балалары оралады. Мен сендерді сағындым.

Жансая
МҰХАНБЕТҚАЛИЕВА,
Ыбырай Алтынсарин
атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
"Қостанай таңы" газетінің
жас тілшісі.
Аманкелді ауданы.

ОЙЛАН, ТАП...

Қазақ жұмбақтары

1. Ақ сиыр тұрып кетер,
Қара сиыр жатып қалар.

2. Апан-апан,
Ескі шапан.
Иір қобыз,
Жарық жұлдыз.

3. От басында құмған,
Екі көзін жұмған.

4. Қалпағы бар,
Басы жоқ.
Тұтқасы бар,
Топсасы жоқ.
Аузы бар,
Тісі жоқ.
Қарны бар
Кіші тек.
Түтігі бар
Көші көп.



Наурыз келді ауылға

Тағы да көктем, тағы да Наурыз келді. Наурыз – ынтымақтың мерекесі, халық қастерлейтін, шын мағынасында ұлттық мейрам. Ұлыстың ұлы күнінде ошақта қазан көтеріліп, үйдің іші-сырты тазартылып, көңілдің кірі кететін, жүректерде ізгі тілектер туындайтын ерекше күн. Бұл күні күн мен түн теңеледі, қыс пен көктем ауысады. Жаратылыстың жасампаз перзенті адамзат баласы табиғат анасымен бірге қуанышты күйге енеді.

Наурыз – жыл басы. Бұл мерекені оқушылар да асыға күтіп, қуана тойлайды. Мереке қарсаңында жылда қалыптасқан дәстүр бойынша мектепте бастауыш сынып оқушыларымен сынып сағаттарын өткіземіз. Наурызбен байланысты ізгі өсиеттер: "Бұлақ көрсең – көзін аш", "бір тал шыбық ек", "өкпеніңші ұмытып, ағайынмен таулас", "наурыз көжесінен ауыз тиіп, үлкеннің батасын, кішінің алғысын ал" деген ізгі өсиеттерді осы мерекеде балаларға түсіндіреміз.

Биыл мерекелік іс-шараға ауылдың үлкендері шақырылды. Оқушылар "Бесікке салу", "Тұсау кесер" сияқты ұлттық салт-дәстүрлерден көріністер қойды. Ұлттық ойындар ойналды. Балалар осы мереке туралы өлең оқып, ән шырқап, ата-аналар алдында өз өнерлерін көрсетті. Жеті дәм қосылып жа-



салған көже мен бауырсақтан, ұлттық тағамдардан дастарқан жайылды. Қонақтар дастарқаннан дәм татып, наурыз көже ішілді. "Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді", – дегендей, Жақсылық ата ақ ниетпен бата берді.

Зәбида ҚАБДРАХМЕТОВА,
Төлеңгіт негізгі мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Мендіқара ауданы.



Бөлімді Гүлназым Сағитова жүргізеді
sagitovaGB@mail.ru



ФОТОЭТЮД



Алғашқы қадам

Фотоэтюдті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



БІЗДЕ ҚОНАҚТА



Бастау

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы...
АБАЙ.

Біздің тіліміз – көркем де бай, әсерлі де құнарлы бай тіл деуге болады. Тіл байлығын, сөз шешендігін меңгерту үшін мектебімізде бірнеше жылдан бері "Ғажайып сөз" үйірмесі жұмыс істеп келеді. Үйірме жұмысының басты мақсаты жас тілшілерді тәрбиелеп, ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңіру. Олардың шығармашылығын қолдап, қажеттіліктерін,

сұраныстарын орындай отырып, сөз құндылығын игертуге тырысамыз. Үйірменің басты жетістігі – мектепшілік ақпараттық-танымдық "Алау" газеті. Сіздерге үйірме мүшелерінің шығармашылығын ұсынып отырмын.

Татьяна ЖҰМАБАЕВА,
Новоильинов орта мектебінің үйірме
жетекшісі.

Таран ауданы.

Анама

Анам менің тірегім,
Анам менің жүрегім.
Анам берген ақылды,
Тындап ылғи жүремін.
Анам менің қамқоршым,
Бар байлығым анашым,
Жақсы көрем анамды,
Өсірген менің санамды.
Аяужан ТАСМЕРГЕН,
7 "а" сынып оқушысы.



Қыс

Қыс қызығы басталды,
Ақ мамықтай қар жауды.
Балалар жүр, мез-мәйрам,
Нағыз қызық басталды.
Сырғанаққа сырғанап.
Шаттанамыз, күлеміз,
Қол ұстасып дос болып,
Бірге мәңгі жүреміз.

Аружан СЕЙТҚАЛИЕВА,
7 "а" сынып оқушысы,
мектепшілік "Алау" газетінің
жас тілшісі.

● ӨНЕР АДАМЫ



гілікті өнерпаздардан құрылған «Шертер» ансамблінің алғашқы ұйымдастырушысы әрі директоры кәсіби музыкант Төкен Елтебаев және көркемдік жетекшісі талантты домбырашы Қайыржан Мақанов болды. Алғашқы құрылған жылдардың өзінде-ақ «Шертер» ұлттық этнографиялық ансамблі атағы бүкіл Кеңестер Одағына, одан қалды тыс жерлерде гүрілдеп қазақ елінің атын әлемге

сазгер-күйші Айтбай Мұздахановтың ізін қуып, өнерін жалғастырушысы, мұрагері.

Арқалық музыкалық колледжінде дәріс алған шәкірті Жұмабаев Мирасхан 2004 жылы Атырау қаласында Ж.Нәжімедіевтің 70 жылдығына арнайы өткізілген Республикалық конкурста және Халықаралық «Шабыт» фестивалінде III орын алып лауреат атанды. Қазіргі кезде Мирасхан Алматы қаласында Құрманғазы атындағы оркестрінде қызмет жасайды. Тағы бір мақтанышпен айтатын шәкірті Әділ Ақанов 2007 жылы Атырау қаласында өткен М. Өтемісұлына арналған Республикалық конкурстың домбыра номинациясы бойынша III дәрежелі лауреаты болды. Сонымен қатар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 65 жылдығына орай өткізілген

Күй құдіреті

Талантты домбырашы, ұстаз
Әбжан Сәрсенбаев туралы бір үзік сыр



Әр заманның өз тұлғасы бар. Міне, осындай мақтанышпен айтар ел азаматарының ішінде тамаша домбырашы-ұстаз Әбжан Сәрсенбаев туралы айтпай кету мүмкін емес.

Сәрсенбаев Әбжан Қостанай облысының Жанкелдин ауданы Қаракөл ауылында 1952 жылдың 15 ақпанында қарапайым жанұяда дүниеге келеді. Кішкентайынан өнерге бейім боп өскен Әбжан үлкен ағалары Нағашыбай мен Нағымжанның кішкентай інілерінен «сындырып тастайсың!» деп кілемнің жоғары жағына іліп қоятын ескі қара домбырасын алып жасырын ойнап жүреді. Бір күні үйіне Партсъезд ауылынан қонақ боп келген нағашысы Тоқтардан соңынан қалмай жүріп домбыра үйренеді. Есту қабілеті жоғары бала әп-сәтте бірнеше күйді жаттап алады. Сөйтіп 6 жасында бала Әбжан «Кеңес», «Кісен ашқан», «Айжан қыз», «Қарабас» күйлерін мүдірмей ойнайтын болады. Кейін домбырамен бірге мандолин аспабын да меңгеріп алады. Мектеп қабырғасында жүріп мектепшілік, мектеп аралық жарыстарға қатысып, өз өнерімен таныла бастайды. Өсе келе музыкаға жаны жақын Әбжан 8-9 сыныптарда баян аспабында да құйқылжыта ойнап ән салып жүреді.

Он жылдық мектепті аяқтай салысымен әскер қатарына шақырылады. Екі жыл әскери борышын ойдағыдай өтеп келген Әбжан азғантай уақыт туған ауылында мектепте ән-күйден сабақ береді. Ауылдың жиын-тойларында жүрген жерінде қолынан қара домбырасы мен баянын тастамай ән-күйлетіп жүреді. Бойындағы музыкаға деген махаббаты Әбжанды жетелеп 1973 жылы Алматы қаласындағы республикалық эстрада және цирк студиясына алып келеді. Аталған оқу орнында ол домбыра класында профессор Құбыш Мұхитовтан дәріс алып, 1975 жылы аяқтап шығады.

Музыкалық білімін жетілдіріп келген жас маман туған өлкесі Торғай жерінің орталығы Арқалық қаласының облыстық филармониясының жанынан 1974 жылы ұлттық өнеріміздің жанашыр, патриот аяулы азаматы Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен құрылған республикамыздағы тұңғыш фольклорлық-этнографиялық ансамбльдердің алғашқы қарлығашы «Шертер» ансамбліне жұмысқа орналасады. Сол кезеңде жер-

танытып, қазақ халқының мәдениеті мен өнерін жарты әлемге паш етіп, ұлттық мақтанышымызға айналады. Осы ансамбльдің құрамында Әбжан Сәрсенбаев жетекші домбырашысы болып 1975 жылдан 1982 жылдар аралығында қызмет жасап, бірқатар шетелдерге гастрольдік сапарлармен, атап айтсам, Индия, Польша, Филиппин, Вьетнам, Оңтүстік Корея, Жапон елдерінде өнер көрсетіп, туысқан Республикалар Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тувада болып қазақ халқының музыка өнерін насихаттау ісіне белсенді атсалысады.

Домбыра аспабында ойнау шеберлігін шыңдау мақсатында Сәрсенбаев Әбжан 1981 жылы Арқалық музыкалық училищесіне түсіп, талантты ұстаз Боранбай Әбеновтен домбыра класы бойынша 1985 жылы бітіріп шығады. Осы жылы өнер ордасына айналған Алматы қаласына қайта келіп Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық музыкасы факультетіне ұстаз Орынбай Дүйсеновтің класына оқуға алынады. Бес жыл консерватория қабырғасынан жоғары білім алған ол 1990 жылы ойдағыдай аяқтайды. Міне осы жылдардан бастап Әбжан Сәрсенбаев Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында және Арқалық музыкалық училищесінде домбыра класынан дәріс беріп, ұстаздық қызметін бастайды. Осындай халқына қырық жыл қалтқысыз қызмет етіп жүрген өнер иесінің репертуарында 150-ден аса күйлер бар, оның тек шебер орындаушы ғана емес 80-нен астам шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз екендігі баршаға аян.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген қағиданы ұстанған, ұстаздық қызметті мақсат тұтқан Әбжан Сәрсенбаев бойына жинаған бар жиған-терген білімін шәкірттерінен аяған емес. Көп жылдан бергі мұғалімдік қызметте жүрген Әбжанның сабақ беру әдіс-тәсілі ерекше. Өйткені талантты мұғалімнің ұстаздық жолындағы еткен еңбегі зая кетпеді. Ұстаздан озған, мақтанышпен айтатын шәкірттері де аз емес. Айтулы шәкірттерінің бірі – Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері – Анар Мұздаханова. Қазір Анар Астана қаласында Президент оркестрінің беделді домбырашысы. Ол жоғарыда атап өткен дарынды

«Musik-forum Kazahstan» конкурсының ең алғашқы қатысушысы Шакиров Ерлан қазіргі таңда консерватория студенті. Кейінгі шәкірттері Әмірбеков Данияр Халықаралық «Шабыт» фестивалінде 2-орын, Рысбеков Данияр (2011ж.), Базғалиев Сайым (2012ж.), Нұрланов Ақжол (2013ж.) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өткен республикалық кіші олимпиадасының III дәрежелі лауреаттары. 2014 жылы Сұлтанов Әділхан осы олимпиадада жоғарғы дәрежелі өнер көрсеткені үшін дипломмен марапатталды. Көптеген оқушылары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Қазақ ұлттық өнер университетінің түлектері. Атап айтсақ, Шолпан Таткенова консерваторияда дәріс берсе, Әбеуова Анар, Сұлтанбеков Дархан Президент оркестрінде қызмет жасайды. Нұрболат Арзамас Президенттік гвардияда қызмет жасаса, Кәкина Динара, Ыбырай Жаңагүл Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында дәріс беруде. Ал Тұрманова Ақмарал 2007ж. Астана қаласында өткен «Сәлем, Астана» байқауында I-орын алып лауреат атанды.

Ұстаздық қызметтен қол үзбеген Әбжан Сәрсенбаев қазіргі таңда 1980 жылы ашылған Арқалық музыкалық училищесінде, қазіргі атауы өзгерген Нәзіпа Құлжанова атындағы гуманитарлық колледжінде 1990 жылдан бері жемісті қызмет етіп, барлық республикалық конкурстарға белсене атсалысып келеді. Әбжан Сәрсенбаев ерен еңбектері үшін бірнеше мәрте Қостанай және Арқалық қаласы әкімінің грамоталарымен, облыстық мәдениет және білім басқармасының мадақтамаларымен, екі рет Білім министрінің грамотасымен марапатталған.

Торғайдың боламын мен бел баласы, Жайылған Сарыарқаға кең даласы. Тудырып небір саңлақ дарындарды, Толған ба маржандарға сай-саласы?! Әбжандайын ағайым күй шерткенде Бар ма екен оған кімнің тай-таласы?! – деп мақаламды аяқтағым келеді.

Салтанат СҰЛТАНОВА,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы халық музыкасы факультеті.

Алматы қаласы.

Кубик-рубикті жылдам құрайтын шәкірттер



Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай ауданына қарасты Алтын дала ауылының мұғалімі Сырлыбек Нұржан шәкірттерін кубик-рубик құрауға үйретіп жүр. Бұл бастамаға мектеп оқушыларының дені қызығушылық білдірген.

Жас маман оқушылардың назарын аударып, оқуға деген ынталарын арттырудың бір жолы ойын деп біледі. Ойын арқылы баланың ойлау қабілетін дамытуға болады. Сондай-ақ шәкірттердің жүрегіне жол тауып, сабақты да түсіндіре аласыз.

– Қазір балаларды таң қалдыру қиын. Оқуға деген ынтасын ояту оңай емес. Баланың көңілін аулап, өзіне тарту үшін бір қызық жасау керек болды. Сондықтан оларды кубик-рубик құрауға шақырдым. Кубик-рубикті жинаудың құпиясын өз басым бір жеті бойы зерттедім. Әбден меңгеріп, идея пісіп жетілгенде оқушыларыма көрсеттім. Олар бірден іліп әкетті, – деді жас маман.

Сырлыбек Нұржан аталған ауылдағы Красный Октябрь мектебінде математика пәнінен сабақ береді. Күн сайын арнайы уақыт бөліп балалармен кездеседі. Оқушыларға кубик-рубик 3x3-ті алты жүріс арқылы құрауға болатынын түсіндіреді. Балалар ұстаздың айтқанын сол мезетте қағып алып, тіпті бір-бірімен жарысып та жатады екен. Әзірге жас маманның екі шәкірті көш бастап тұр. Олар 5-сынып оқушысы Карина Жанаева және 6-сынып оқушысы Қазипа Қабдуллина. Қазипа кубик-рубикті 1 минуттың ішінде құрап береді. Ал Жанайымның көрсеткіші – 3 минут.

– Осы ойынның арқасында балалар менімен жақын дос болып алды. Сабақтан шыға сала маған келіп білмегендерін сұрайды. Алдағы уақытта оқушыларымның жылдамдығын арттырғым келеді, – деді Сырлыбек Нұржан.

Шетелдік ғалымдар кубик-рубикті құраудың 20 миллиардқа жуық жүрісін анықтаған. Төрт бұрышты ойыншықтың әр бүйіріне бірдей түстерді жинау үшін математика сабағындағы формулалар көмектеседі екен. Ең бастысы формулаларды дұрыс пайдалана білу керек.

Ауыл мұғалімі баулыған қос шәкірттің видеосын мына сілтемеден <https://www.youtube.com/watch?v=5pAQHkAz4a8>, <https://www.youtube.com/watch?v=RGfQMkd2Zic> көре аласыздар.

● ӨМІР – ӨЗЕН

Алғаны - алғыс

Бақытжан Алматов ақ желеңді абзал жан еді

"... Тарихқа да қажеті
не қалғаны,
Түк қалмаса —
адамның жоғалғаны.
Ерлігіңді елемей — қиянат та,
Еңбегіңді ескермеу —
обалдағы",
— деген екен Қадыр Мырза Әлі
ақын.

Осы өлең жолдарын оқыған-
да, ойыма әкем оралады. Қолы-
ма еріксіз қалам алып, шамам
келгенше Бақытжан Алматов ту-
ралы жазуды жөн көрдім. Бір
атадан жалғыз қалса да, өмірдің
қиындығына қарсы тұра білген
қайсар, мамандығының нағыз
білгірі, отбасының тірегі, бала-
ларының аласармас асқар тауы
болғанын ел ұмыта қойған жоқ.
Алланың берген жетпіс жыл
ғұмырында қырық жылға жуы-
ғын адам жанының арашашысы
— дәрігер болуға арнаған жан.

Өмір әкемді туады еркелет-
кен жоқ. Сталиндік қуғын
тұсында дүние есігін ашқан
әкемнің балалық шағы соғыспен
тұстас келіпті. Ата-әжеміз Есен-
ғазы мен Бөпежаннан Сара, Ба-
қытжан екеуі дүниеге келген-
мен, Сара ерте шегінеп кетеді. Ал
Бақытжанға балдәурен шағында
бір уыс тарыны талғажу етіп, са-
бақтан қолы қалт етсе көкпек
шауып, отын тасу маңдайына
бұйырды. Атамыз Есенғазы
сауатты, оқыған адам. Өткен
ғасырдың 20-жылдары Әулие-
көл ауданында Ішкі істер комис-
сариатын (НКВД), кейін Қоста-
най қаласының атқару коми-
тетін басқарған. Есенғазы Алма-
тұлы 1937 жылы қызметте
жүрген жерінен "халық жауы"
деген жалған жаламен ұсталып
кетеді. Ал 1949 жылы анасы Бөпе-
жан да ауыр науқастан дүниеден
озып, әкем жетім қалды.

Оқуды Торғай қаласындағы
Ыбырай Алтынсарин атындағы
мектепте жалғастырып, 1955
жылы аяқтап шығады. Келер
жылында Қостанай медицина
училищесіне фельдшер маман-
дығы бойынша оқуға түседі. Екі
тілді еркін меңгерген сауатты
жігіт училищені 1958 жылы ой-
дағыдай аяқтап шығады. Әкемнің
алғашқы қызметтік қадамы
Аманкелді фельдшерлік амбула-
ториясында фельдшерліктен
басталды. Көп ұзамай нағашы
жұрты тұратын "Көкалат" кол-
хозына (кейіннен "Еңбек" совхо-
зы) барады. "Әкең өлсе де,
әкеңнің көзін көрген өлмесін"
деген қазақ, әкем нағашысы
Қасымжанның көзін көрген елге
барып қызмет еткенді жөн
көреді. Алған білімін тәжірибе-
де қолданып, өзінің біліктілігін
танытады. Ақ көңіл, ешкімнің
көңілін қалдырмайтын, сонымен
қоса қайсар мінезді дәрігерден
әріптестері үлгі алады. Қызметті
жаңа бастап жатқанына қара-
мастан, өзінің қайсарлығымен



әкесін "халық жауы" деген жал-
ған жаладан ақтауды алдына
мақсат етіп қояды. Сол себепті,
әкесіне тағылған жалған кінәдан
ақтау үшін, тіпті, Қостанайдағы
мемлекеттік қауіпсіздік коми-
теті органына дейін ізденеді.

Әкем 1966 жылы "Южный"
кеңшарына (қазіргі Жанкелдин
ауданының Қарасу ауылы) ба-
рып, 15 керуеттік ауруханаға
меңгеруші болып, 9 жылдай абы-
ройлы қызмет атқарады. Бір
қызығы, қызметте қанша аян-
бай тер төксе де, әкесінің арты-
нан ізденгендіктен де болар,
еңбегі еш еленбейді. Партияға
өтуге қанша қыстаса да "әкеме
әділетсіздік жасаған партияға
кірмеймін" деп бас тартады. Тек
1959 жылы Алматов Есенғазы-
ның "халық жауы" деп тағылған
жалған жаладан толық ақталған-
дығы туралы Қостанай облыс-
тық сотының шешімі шығарыла-
ды. Бұл шешім артындағы жал-
ғыз баласының да атына жағыл-
ған жалған күйеден біржола
ақтап, жолын айқара ашты. 1966
жылы "Южный" кеңшарының
бас дәрігері болып тағайындал-
ғаны соның айғағы. Сол жылы
марапатқа ұсынылғаны да елдің
есінде.

1975 жылы қайта "Еңбек" сов-
хозына ауысып келіп, аурухана-
ның меңгерушісі болып 2 жыл-
дай қызмет атқарған екен. Бір
қызығы, әкемді аудандағы қай
ауылдың денсаулық саласы
ақсап жатыр, сол жерге жіберіп
отырғанын байқаймыз. 1977
жылы Ақкөл ауылына аурухана
меңгерушісі болып барып, он
алты жыл меңгеруші болуы ма-
мандығына шын жүрегімен бе-
рілгенін айғақтамай ма? Ал 1989
жылы Бақытжан Алматовқа
аудан басшылығы "Ақкөл" мен
"Южный" кеңшарларынан шал-
ғай 100 шақырымда орналасқан
Қарақұм бөлімшесінен малшы-
ларға арнап ашылған емдеу ор-
нына меңгерушілік қызметіне
баруға ұсыныс білдіреді. Әкем
жердің шалғайлығы, байланыс
пен қатынастың жоқтығына
қарамастан, ұсынысты қабыл
алады. Зейнет жасы таяған шақ-

та аудан орталығынан 200 шақы-
рым шалғай жатқан бөлімшеге
барып аурухана ашуы, малшы
ауылдарды аралап, дәрігерлік
көмек көрсетуі ерлікпен пара-
пар. Осындайда әкем: "Әттең
қолдың қысқалығы, жоғарғы
оқу оқи алмадым", — деп
күрсінетін еді. Иә, оның жоғары
білімді дипломы болмаса да, дип-
ломы бар оқыған дәрігерлермен
білімі тең еді. Оған өзінің халқы,
өскен елі күә. Сөзіме дәлел, әкем
қараған науқастар, кейін қала
дәрігерлеріне, тіпті профессор
алдына барғанда да, сол алғашқы
қойған диагноз болып шығатын
талай адамнан естідім. Кезінде
шалғай Қарақұмда дертіне шипа
іздеген талай науқас біздің үйде
жатып емделіп, дертінен айығып,
алғысын айтқанын бала болсам
да талай көрдім.

Қарақұм бөлімшесінің ыды-
рауына байланысты 1997 жылы
Қарасу ауылына көшіп келдік.
Әкем Қарасу ауылдық аурухана-
сының меңгерушісі және фельд-
шері қызметін атқара жүріп,
1995 жылы зейнеткерлікке шық-
ты. Ол кісінің еткен еңбегі жо-
ғары бағаланды. "Ерен еңбегі
үшін" медалімен, В.И. Лениннің
100 жылдық мерейтойына ар-
налған медальмен марапатталды.
"І дәрежелі фельдшер" атағын
алды. Облыстық, аудандық ден-
саулық басқармаларының мақ-
тау қағаздары, алғыс хаттарына
ие болды.

Әкемнің ерекше үлгі алатын
тұсы үнемі білімін өзі ізденіп,
жетілдіріп отыратын. Олай
дейтінім, біздің үйде кітап сөре-
лері әдеби кітаптармен бірге ме-
дициналық том-том кітаптарға
толы болатын. Әкем үнемі өзінен
кейінгі әріптестеріне: "столға
отырып, бастық болумен ғана
шектелмей, теорияны оқып,
білімдеріңді жаңа ақпаратпен
толықтырып отырыңдар" деп
ақыл-кеңесін беруден жалық-
қан емес. Зейнеткерлік жасын-
да да әкем дәрігерлік қызметтен
қол үзген жоқ. Жанына шипа
іздеген жандар Арқалық, Тор-
ғай, Аманкелдіден шалғай ауылға
ат арылтып, арнайы іздеп ке-
летін. Өмірден озғанша, әкем
дертке дауа, жанға шипа беріп,
алғыс арқалаған ақ желеңді аб-
зал жан атанды.

Асқар таудай тірегіміз, елінің
қимас азаматы кенеттен 2005
жылы 12 қыркүйекте дүниеден
өтті. Ол құламас қорған секілді
көрінеді де тұрады. Ер азамат-
тың туы — намыс. Әке тек на-
мыс пен ардан ғана жаралған,
үлкенге — құрмет, кішіге — ізет
көрсететін, қамқорлыққа,
әділдікке үйрететін абзал жан
еді.

Салтанат ДОСТАНОВА,
Ш. Уәлиханов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Жанкелдин ауданы.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

9 ақпанда адал жар, асқар таудай әкеміз, арқа
сүйер атамыз Меңдіқара ауданы, Қаратал кеңша-
ры, Төлеңгіт ауылының тұрғыны **КӨШМЫРЗИН**
Әлмұқан Көшмырзаұлы 81 жасқа қараған шағын-
да дүниеден озды. Үлкенге ізет, кішіге қамқор бо-
лып, қырық жыл ұстаздық еткен, ағайын-туыстың,
бауырлары мен балаларының ұйытқысы болып
отырған әкеміздің дүниеден өткеніне 21 наурыз
күні 40 күн болады.

Өмірінің соңына дейін қара шаңырағының тірегі
болып, балалары мен немерелеріне ақ батасын
беріп, Аллаға шүкіршілік етумен дүниеден өткен
әкемізді жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы
жолдас болып, Алланың рақметіне, Пайғамбары-
мыздың шапағатына бөленіп, орны пейіштің төрінде болсын деп, сағы-
нышпен еске аламыз.

Биік едің ағайынға төбедей,

Қиындығын бұл өмірдің елемей.

Тура жолдан талмай еңбек еттіңіз,

Толқындарға қарсы жүзген кемедей.

Еңбегіңнің білді халық бағасын,

Ағайынның жалғай жүрдің арасын.

Немере мен шеберге үлгі боп,

Бір буынға кеңес берген атасың...

Еске алушылар: Жұбайы — Салиқа, балалары — Ғали-Гүлнар,
Берікбай-Злиха, Тобыл-Роза, Берік-Анар, Болат-Айгүл, келіндері,
немере, шеберелері.



"АБК-Неруд" ЖШС Қостанай облысы, Арқалық қаласына қарас-
ты "Арқалық-Шұбаркөл" жаңа теміржолында орналасқан саз бал-
шық және саз балшық тектес жыныстар кен орнының №№
1,2,3,4,5,6,7,8 және № 13,14 учаскесі кеніштерінің жұмысын тоқтату
(ликвидациялау) жобасына қосалқы жасалған "Қоршаған ортаны
қорғау" ҚОӘБ (ОВОС) бөлімі жобасы "Қостанай облысы табиғи
ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-
не мемлекеттік экологиялық сараптамаға тапсырылғаны туралы
жұртшылыққа хабарлайды. Анықтама телефоны: 8 (7142) 53-31-
16, 8 (7162) 29-45-86.

ТОО "АБК-Неруд" уведомляет жителей Костанайской области
г. Аркалык о подаче на государственную экологическую экспертизу
ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природо-
пользования акимата Костанайской области" проекты ликвидации
карьерных месторождения глины и глинистых пород на участках №№
1,2,3,4,5,6,7,8 и №№13,14, расположенных вдоль строительства
новой железнодорожной линии "Аркалык-Шубарколь" на землях
г. Аркалык, Костанайской области с Разделом "Охрана окружающей
среды" (стадия III ОВОС).
Справки по тел. 8 (7142) 53-31-16, 8 (7162) 29 45 86.

Қостанай қалалық соты арнайы тексеріс акт бөлімдерін заңсыз деп таныды

Бүгін, 13 наурызда Қостанай қалалық сотында "Қос-
танай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы басқарма-
сы" ММ-не, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау де-
партаментінің мемлекеттік инспекторы Кенжетай Дел-
мұхемедовқа қатысты Иван Захаровтың шағымы бой-
ынша азаматтық істі қарау аяқталды. Захаров жаза-
тайым уақиғаны зерттеудің арнайы актіні шынайы заң-
сыз деп тану, "Комиссия тағайындау" туралы бұйрық-
ты және оны қайтадан бұзылуын заңсыз деп тану ша-
ғымымен сотқа жүгінген болатын.

Еске салар болсақ, 2014 жылдың 6 қазанында Заха-
ров "Сарыбай" кен орнында сыдырылып құлаған үйінді
салдарынан жарақат алған. Жазатайым уақиғаны тек-
серген комиссия Захаров сол сәтте масаң күйде болған-
дықтан алынған жарақатты өндіріске байланысты емес
деген қорытынды шығарған.

Сот шешімімен И. Захаровтың талап арызы шынайы
қанағаттандырылды.

Сотпен жазатайым жайт бойынша жүргізілген ар-
найы тексеріс актінің кей тұстары заңсыз деп танылды.
Нақтырақ, И. Захаровтың жұмыс орнында алкогольдік
масаң күйде болуы; комиссияның болған жайтты
өндірістік жазатайым жайт деп санамауы туралы; бол-
ған жағдай 100 пайыз жапа шеккен жұмыскердің кінәсі
деген қорытындылар заңсыз деп танылды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ тарих және құқық факультетінің аға
оқытушысы Жүсіпова Гүлвира Әбілқайырқызына
әкесі Әбілқайыр Кәмелұлының
қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл
айтамыз.

Университет және факультет ұжымы.

"Денисов ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі 110500, Денисов ауданы, Денисов селосы, Калинин көшесі, 5 үй, тел./факс 8(71434) 21157; электрондық мекенжайы: ayaganova66@mail.ru. бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Е-4 санаты ""Денисов ауданы әкімінің аппараты" ММ мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы.

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты – 59579 теңгеден 80720 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әктілік жазуларды қалпына келтіру және жою, қабылдау, тіркеу және қатан есептілік бланк бойынша есептілік, мұрағат іс қағаздарын жүргізу, азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты ауыстыру жөніндегі әктілік жазуларға толықтырулар, өзгерістер, түзетулер бойынша материалдар қалыптастыру, азаматтық халін уақытылы әктілерді тіркеу және толық қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысатын үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары: құқық (заңтану). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес не-

месе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі құқық (заңтану) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген, **Бос әкімшілік мем-**

лекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) негізінде жүргізіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі – конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап **10 жұмыс күн ішінде;**

1. осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2. 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3 қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3. Білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырган көшірмелері;

4. Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министірілігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығы бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6 Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7. Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыс-

тағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Конкурстық комиссиясының қарауына (қосымша берілетін құжаттардың тізбесін көрсетіп, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған) қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы, сонымен қатар құжаттар электронды түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық поштаға құжаттарды қабылдау мерзімінде берілген құжаттар қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарын электронды пошта бойынша берген кандидаттар құжаттардың түпнұсқасын сұхбаттасудан бұрын бір жұмыс күннен кеш емес уақытта ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда, кандидаттар сұхбаттасуға жіберілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оған жіберу туралы хабарландыру алған күннен кейін **5 жұмыс күннің ішінде** "Денисов ауданы әкімінің аппараты" ММ, Денисов ауданы, Денисов селосы, Калинин көшесі, 5 үй, мекенжайы бойынша әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақ-

стан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей Денисов ауданы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Денисов ауданы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

"Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. **"Алтынсарин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ветеринария секторының меңгерушісі, санаты Е- R -3, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 74 313 теңгеден 99 938 теңгеге дейін.**

Функционалдық міндеттері:

Сектор жұмысын басқарады және ұйымдастырады және секторға жүктелген тапсырмалардың орындалуына дербес жауап береді және қызметін жүзеге асырады шара, бағдарлама әзірлеуге қатысады. Қолданыстағы заңнамалықтар мәселесі бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізеді. Ауылды округтердің жеке секторы бойынша және шаруашылық субъектілерінен мал шаруашылығы бойынша есептерді қабылдайды. Қолдан ұрықтандыру, асыл-туқымдық селекциялық жұмыс мәселелеріне жетекшілік жасайды. Өзінің міндетінен басқа да мал өсіретін, дайындайтын (сою), сақтау, қайта өңдеу және мал өнімі және оның шикі заты, және де өндірісті ұйымдастыру бойынша, ветеринарлық препараттарды сақтау, жем-шөп және жемге қосымша өндіріс нысандарын қолданысқа қабылдаудың мемлекеттік комиссиясына қатысады. Бекітілген заңнамалық ережемен заңды және жеке тұлғаларға лицензия беру құжаттарын қарауға және өзгерістер енгізіп ұсыныстар жасауға қатысады. Ауданның мемлекеттік бас ветеринарлық санитарлық инспекторына карантиндік аймаққа ветеринарлық тәртіп, шектеулі іс-шаралар орнату бойынша шешім қабылдайды. Қазақстан Республикасы заңнамалықтарына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады. Оның құзырына қарасты басқа да мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім, ветеринарлық.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы;

3) жоғарғы және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғарғы оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің бар болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

2. **"Алтынсарин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауылшаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е- R -4, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.**

Функционалдық міндеттері:

Ауданда негізгі азық-түлік тауары қоры, ЖЖМ бағасы мониторингін жүргізу. Ауданда базар және тұрмыстық қызмет, әлеуметтік дүкендер желісін дамыту мониторингі. Қайта өңдеу кәсіпорындарында (ISO) стандарттау бойынша Халықаралық ұйымдарда стандарттауды енгізу бойынша дайындау және өткізу. Селолық аймақтарды дамытудың Әңгірлік бағдарламасын іске асыру мониторингін енгізу. Инновациялық және инвестициялық бағдарламасын іске асыру және әзірлеуге қатысу, жобалар, іс-шара жоспары, оларды жүзеге асыру мониторинг жүргізеді. Кәсіпкерлік мәселелері бойынша жиналыстарға әзірлейді, семинарларға және жиналыстарға қатынасады. Кәсіпкерлік бөлімімен тұжырымдалатын, қағаз және электрондық енгізуге берілген база үлгісін және құрамын белгілейді. Мемлекеттік мекемелер және жеке құрылымдардан ақпарат жинауды жүргізеді. Функционалдық міндеттері құрамына кіретін мәселелер бойынша аудандық, облыстық және басқа да құрылымдар хаттарына жауап әзірлеу. Тоқсан сайын Әңгірлік бағдарламаны іске асыру барысы туралы және шағын кәсіпкерлікті қолдау, ай сайын жаңа жұмыс орнын құру бойынша дайындық. Бюджетке ШКС-нен жалпылама салық төлемінің түсуіне қорытынды жасау. Азық-түлік өндірісі туралы есеп, шағын кәсіпкерлікті дамыту көрсеткіштері бойынша ай сайынғы есеп.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғарғы, ортадан кейінгі, әлеуметтік ғылымы, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық, ауыл шаруашылығы ғылымы, техникалық ғылымы және технология (азық-түлік өнімдерінің технологиясы). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. **"Алтынсарин ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е- R-4, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін (негізгі қызметшінің бала күтімі демалысындағы кезеңіне).**

Функционалдық міндеттері:

Қоғамдық-саяси, үкіметтік емес және діни бірлестіктермен жұмысты ұйымдастыру. Ақпараттық-насихаттау жұмысын, ақпараттық саясатты және бұқаралық ақпарат құралдары мониторингін жүзеге асыру. Ішкі саясат саласында іс-әрекет жоспарын жүзеге асыруды ұйымдастыру, ішкі саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім, ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру. Жастар мәселесіне қатысты облыс және аудан әкімдері шешімдері мен өкімдерін, әкімдіктер қаулыларын, жастар форумдарының ұсыныстарын орындау, оның патриоттық және азаматтық қалыптасуына жағдай жасауды қамтамасыз ету. Аудан әкімінің ресми сайтына ақпараттардың дер кезінде жариялануы үшін, ауданның ресми интернет порталына мониторинг жүргізу. Ауданда жастар ісі жөнінде кеңестің жұмысын ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғарғы, ортадан кейінгі, педагогикалық (білім, гуманитарлық) құқық (юриспруденция), әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурс өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің **кадр қызметі бөліміне** тапсырылуы тиіс. Мекенжайы: Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі, 4. 110100, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин Көшесі 4, анықтама телефоны: 8(71445) 49-027, факс 34248, электрондық мекенжайы: altynsar@kostanay.gov.kz. Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 күн ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жерді жалдауды, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды (3 орын):

Жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, D-O-4 санаты, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге тұрақты қатысу; тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі комиссия отырыстарына тұрақты қатысу; конкурстық комиссия отырысының күн тәртібін құру, қажетті құжаттармен конкурстық комиссияны қамтамасыз ету, конкурстық комиссия отырысын өткізу ұйымдастыру; конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасын, конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттаманы, конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ басқа да конкурстық комиссия отырыстарының хаттамаларын ресімдеу және қол қою; конкурстық комиссиямен қол қойылған отырыстардың хаттамаларын, сараптама қорытындысын (сараптау комиссиясының) мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысына жіберу; конкурстық өтінімдерді ашу сәтінен бастап конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу құжаттарды және материалдарды сақтауды қамтамасыз ету; мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру ережесінде қарастырылған басқа функцияларды жүзеге асыру; басқарманың жедел отырыстарына қатысу; Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасына уақытылы құрастыру және жеткізу; жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша жоспарлаған және өткізілген конкурстар туралы алта сайын және ай сайын ақпарат; кіріс хат-хабарларды орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары экономикалық, мемлекеттік және жергілікті басқару. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы-заңгер, D-O-4 санаты, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: басшыға қол қоюға ұсынылған құқықтық мінездегі құжаттардың заңнама талаптарымен сәйкестігін тексеру; құжаттарға бұрыштама қояды; басқармада келісім-шарт, қаражат және еңбек тәртіптерін нығайту бойынша ұсыныстарды өңдеу және енгізу жөнінде жұмыстарды басқару; соттарда, мемлекеттік мекемелерде және басқа да ұйымдарда Басқарманың өкілі ретінде қатысу; Басқармада құқықтық жұмыстардың әдістемелік басшылығы; шаруашылық келісім-шарттарды өңдеуге, еңбек келісім-шарттарының шарттарын өңдеуге құқықтық көмек көрсету; техникалық құралдарды қолдана отырып нормативтік актілер және заңнама бойынша анықтамалық-ақпараттық жұмыстарды басқару; құқықтық насихат бойынша жұмыстар жүргізу; бас-қарма қызметкерлеріне анықта-

малар және кеңестер береді; басқарманың конкурс және басқа да іс-шаралар өткізу барысында конкурстық комиссиялар құрамына қатысады; басқарманың ішінде шығарылатын бұйрықтарды, жарлықтарды және басқа да нормативтік актілерді, сонымен қатар мінездегі құжаттарды өңдеуге құқықтық көмек көрсетеді; өндірісте болып жатқан және сот істерінің атқарылуымен аяқталған құжаттарды сақтауды жүзеге асырады; қызметкерлерді тәртіптік және заттық жауаптылыққа тарту туралы мағлұматтарды рәсімдейді; барлық оперативті мәжілістерге қатысты.

Бақылау функциялары: басқармада шығарылатын бұйрықтардың, жарлықтардың және басқа да нормативтік актілердің Қазақстан Республикасында күші бар заңнамалар тәртіптерін сәйкес болуын бақылауды қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен талаптарына бақылау жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары құқықтық. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу бөлімінің бас маманы, D-O-4 санаты, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: ЖСҚ әзірлеу үшін негізгі мәліметтерді жинау және құрастыру; өкілетті мемлекеттік органдарда жобалау-сметалық құжаттамаларды келісу; әзірленіп жатқан жобалау құжаттамаларының мониторингін жүргізу; жобалау құжаттамалары жөніндегі тексеруші ұйымдардан және салалық мекемелерден қорытындылар жинау; нысандарды салу үшін жер телімдерін бөлу бойынша құжаттамаларды ресімдеу; құжаттамаларды экономикалық сараптауға өтінімдер дайындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары техникалық; инженер-құрылысшы. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурстық комиссияны қалыптастыру

ережесінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі - Ереже).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға мынадай құжаттарын тапсырады:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс етілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы, 65, 8 қабат, анықтама телефоны: 8 (7142) 54-62-94, электрондық мекенжай: usko@qostanay.gov.kz ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналасырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесінде, Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы, 65, 8 қабат, 2015 жылғы 6 сәуірде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, үкіметті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" ММ кадрлар қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" ММ кадрлар қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

●ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Наурыз айының 22-сі, үлкен мереке қарсаңында қадірменді әкеміз бен аяулы анамыз **Серік пен Дина Еслямғалиевтердің** отбасын құрып, тату-тәтті өмір сүріп келе жатқандарына қырық жыл толады. Балалары мен немерелеріне жан жылуын сөйіп, жақсы тәрбие көрсетіп келе жатқан ардақты ата-анамызға, ата-әжемізге зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, ортамызда талай жылдар бойы қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ өмір сүрсе екен деп тілейміз.

Кеңге салдың қашанда керегені, Бала сүйіп, болдыңдар немерелі. Қол ұстасып жүп жазбай 40 жылда, Өмір сүре білдіңдер өнегелі. Биіктерден әрқашан орын алып, Тек жақсылық тойларда жолығалық.


Ігі тілепкен балалары: Ануар, Бауыржан, Әсел, немерелері: Темірлан, Ерік, Ажар, Жанарыс, Айша.



Құттықтаймыз!

Меңдіқара ауданы, Теңіз ауылында тұратын анамыз **Қарымсақова Зияш Ғайдоллақызы** наурыз айында 58 жасқа толып, ұстаздық жолда талмай еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шықты. Қос қуаныш ұзағынан болсын деп тілейміз! Сізге туған-туыстардың құрметіне, немерелердің күлкісіне, балалардың қызықты шақтарына бөленіп, бақытты ғұмыр кешіңіз дегіміз келеді. Сізге шын жүректен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Ігі тілепкен: жолдасы Серікбай, қыздары және күйеу балалары, немерелері.




Мерейтой-50!

Жанкелдин ауданы, Ақкөл ауылының тұрғыны, ардақты **Уәлі Манат Ағытайұлы** 20 наурызда ердің жасы елуге толады. Туған күн иесін мерейлі мерекесімен құттықтап, Мейрамкүлмен жұптарыңыз жазылмай жүз жасаңыз демекпіз. Мықты денсаулық, бақыт тілей отырып мына жыр шумағын арнаймыз.

Құтты болсын келген туған күніңіз, Тілекші көп, біз де соның біріміз. Ортамызда жанашыр боп жүріңіз, Болғаннан соң бірге шыққан түбіміз.

Өсе берсін бақытың да, бағың да, Самғай бергін қыран қанат шағында. Бүгін елу, 100-ге жетіп сол күні, Құттықтаймыз ақсақалдың тағында.



Ақ тілек, ізгі ниет білдірушілер: ағасы – Таңат, жөңгесі – Әлия, қарындасы – Эльвира, күйеу баласы – Тельман, інісі – Ербол, келіні – Айгүл, және жиендері – Гауһар, Меруерт, Малика.

Жұмыскер пайдасына еңбек ақы бойынша алашағы мен міндетті зейнетақы жарнасы өндірілді

Қостанай облысы Жітіқара ауданының тұрғыны жұмыс берушіден еңбек ақы бойынша алашағы мен міндетті зейнетақы жарнасын өндіріп алу шағымымен сотқа жүгінді.

Талапкер 2011 жылдың мамыр айынан "С" ЖШС жұмыс істейді. Қазіргі уақытта ақысыз демалыста отыр. 2014 жыл ішінде еңбек ақысын тек екі мәрте алған.

Сот отырысы барысында талапкер азаматша соттан жауапкер тараптан еңбек ақы бойынша қарызын өндіруді және 2013 жылдың қаңтарынан 2014 жылдың желтоқсаны аралығындағы зейнетақы жарнасын аударуға міндеттеуді сұрады. Жауапкердің соттағы өкілі сот отырысына

келген жоқ. Ол өзінің қатысуынсыз істі қарауды және шағымды толық мойындайтындығы туралы өтініш жазған.

Жітіқара аудандық сотының шешімімен азаматша К. -ның еңбек ақыны өндіріп алу туралы шағымы қанағаттандырылды. ЖШС-тен шағымданушы пайдасына 221 433 теңге мөлшерінде еңбек ақы бойынша қарыз өндірілді. Сонымен қатар, сот жауапкерді Мемлекеттік зейнетақы қорындағы талапкердің жеке шотына 82 800 теңге соммасында міндетті зейнетақы жарнасын аударуға міндеттеді.

Көлемі 93471 теңге болатын үш айлық еңбек ақыны өндіру туралы шешім шұғыл орындалуға жатады.

Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Л. БАЙҒОЖИНА.

«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

54-33-22, 54-99-69 (факс)



Наурыз айы келгенде

«НАУРЫЗ АРУЫ – 2015»

Сарыкөлдік сұлулардың сайысы

Шуақты көктемнің керемет мерекесі – келе жатқан Ұлыстың Ұлы күніне орай аудандық мәдениет үйінде «Наурыз аруы» байқауы өтті. Жыл сайын дәстүрге айналған сайысқа Сарыкөлдің әр ауылынан келген сұлулар қатысты.



Айталық, өз жерінің намысын қорғауды мақсат тұтып, халықтың үкілі үмітін ақтауды алға тартқан үміткерлер таныстыру, өз өнерін көрсету және сән көйлегін киіп шығу сынды сындардан сүрінбей өтіп, әділқазылардың әділ бағасын алып, көрермендердің көзайымына айналуға тырысып бақты. Сөйтіп, сахнада шеберліктерін паш етіп, талантты екендіктерін таныта білді. Нәтижесінде, Маяк ауылынан келген ақылына көркі сай Анастасия Қаратакенованың мерейі жанып, «Наурыз аруы» атанды. Ал қалғандары «Нәзік ару», «Сымбатты ару», «Сүйкімді ару», «Инжу ару», «Жібек ару» сынды номинацияларды иеленді. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар тарапынан қатысушылардың бәріне бірдей мадақтама қағаздары және арнайы сыйлықтар табысталды.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

«НАУРЫЗ БАТА» БӘЙГЕСІНЕ

Жаймашуақ заман болсын!

Жаратқан Алла Жар болсын!

Ұлдарың нар болсын!

Қыздарың Қыз Жібектей сұлу болсын,

Жүректерінде жылу болсын.

Азаматтарың аман болсын,

Жаймашуақ заман болсын!

Аллау Акбар!



Фабрика аруын анықтады

Наурыз мерекесі қарсаңында «ССКӨБ» АҚ-ның фабрикалық кешені нәзік жандылар арасында сұлулық байқауын ұйымдастырды. Тамаша дәстүрге айналған конкурсқа ақылына көркі сай бес ару қатысып, таныстыру, аспаздық сайыс, қолөнер шеберлігі, актерлік өнер және дефиле кезеңдерінде өзара бақ сынасты.

Сайыстың алғашқы кезеңінде арулар өздерін ерекше қырынан көрсетіп, көрерменнің көзайымына айналуға тырысып бақты. Әсіресе, қатысушылар ән айтып, мың бұрала би билегенде зал қоспеметін аяп қалған жоқ. Нәзік жандылар одан әрі өндірістік киім үлгілерін көрсетті. Мұнда қауіпсіздік техникасын сақтау-



ға баса назар аударылды. Сондықтан бұл кезең әділқазылар алқасын тығырыққа тірегені шындық. Өйткені, қатысушылардың осалы жоқ. Барлығы да он саусағынан бал тамған

өнерлі жандар. Олар аспаздық кезеңінде жемістерді кесуден де жарысты.

Көп ұзамай қызықты жарыстың қорытындысы да жария болды. Бұл күні барлық қатысушылар әр түрлі номинацияларда жеңімпаз деп танылып, әрқайсысына ақшалай сертификаттар табысталды. Ал көктем аруы атағы мен жеңімпаз төжі Ангелина Жингельге бұйырды. Осылайша фабрикалық кешенің арулары көктем мерекесін есте қаларлықтай атап өтті.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ. Рудный қаласы.

Наурыз мейрамына келіңіздер

Наурыз мейрамы облыс орталығында 22 наурыз күні тойланады. Облыс әкімдігі алдындағы алаңда және сити-орталықта сахналар орнатылады. Әкімдік алдындағы алаңда әдеттегідей киіз үйлер тігіледі. Ең әдемі киіз үй және «Палау әлемі» байқауы, самауырындар көрмесі өткізіледі. Осы жерде дәмді бауырсақтан ауыз тие аласыздар.

Облыс әкімдігі алдындағы алаңда «Наурыз-думан» театрландырылған қойылымын (сағат 11.00), облыстық филармония артистерінің концертін (сағат 11.40), «Наурыз ертегі-аңыздары, салт-дәстүрлері»

этнографиялық бағдарламасын (сағат 12.40) және «Мирас» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің «Ғасырлардан жеткен жаңғырық» концерттік бағдарламасын (сағат 13.40) тамашалай аласыздар. Киіз үйлердің жанында ұлттық ойындар ұйымдастырылып (сағат 11.00-14.00), алтыбақан құрылады. Қазпошта аумағында спорт жарыстары өтеді (сағат 11.00-14.00). Сахнада қазақша күрес пен армрестлингтен көріністер көрсетіледі (сағат 11.00).

Сити-орталықта «Дастарқанның сәні – бауырсақ» мерекелік бағдарламасы (сағат 12.00), қаланың хор ұжымдарының концерті (сағат 13.00), «Армандастар» вокальдық ансамблінің (сағат 14.00) және қалалық балалар шығармашылығы мектебі ұжымдарының концерттік бағдарламасы (сағат 15.00) болады.

«КОЛЛЕДЖ БАРЫСЫ»



Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Рудный құрылыс және көлік колледжі қазақша күрестен қалалық турнир ұйымдастырды. Осымен үшінші жыл қатарынан «Колледж барысы» деген атаумен өтіп жатқан жарысқа ұзын саны 60 балуан қатысып, екі салмақ дәрежесі бойынша білім ордаларының намысын қорғады.

– Басты мақсатымыз – қазақтың ұлттық спортын жастар арасында кеңінен насихаттап, кәсіби бағдар жұмысын жүргізу. Себебі салауатты ұрпағы бар ел ғана дамуда биік жетістіктерге жетеді, – дейді спорт жанашыры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Нәбиев.

Балуандар боз кілемге қос-қостан шығып, аяла-сын асырып бағуға тырысты. Алайда қарсыласының жауырынын жерге тигізу екінің біріне бұйыра бермейтін бақ екені сөзсіз. Жарыс қорытындысы бойынша №10 гимназия оқушысы, жас та болса тәжірибелі спортшы Дәурен Әбдіғали «Колледж барысы» атағын жеңіп алды. Үздік үштікке енгендер ұйымдастырушылар тарапынан медальдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Рудный қаласы.

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. Бағасы келісім бойынша.